



# Мұнайлы

Газет 2009 жылдың  
01 тамырынан  
шығады



“Маңғыстаумұнайгаз” акционерлік қоғамының газеті

№06 (69), шілде, 2015 жыл

# ӨЛКЕ

## Компания тынысы

### КӘСІПОДАҚТА - ЖАҢА ТӨРАҒА

Үстіміздегі жылдың маусым айының 17-күні «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жемісі залында компания кәсіподақ ұйымының жиналысы болып өтті.

Жиналыстың күн тәртібіне орай «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы жергілікті кәсіподақ ұйымының төрағасы С.Масатов мырзаның құрметті еңбек демалысына кетуіне байланысты кәсіподақ ұйымының жаңа төрағасының сайлауы болды. Жиналысқа Қоғамға қарасты өндірістік басқармалар, сондай-ақ орталық кеңес өкілдерінің делегаттары қатысты.

Жиналыста кәсіподақ ұйымының төрағалығына үміткер ретінде «Жетібаймұнайгаз» кәсіподақ ұйымының төрағасы Т.Мысамбаев пен «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік-технологиялық бөлім бастығы Т.Айдынов ұсынылды. Сайлау қатысушы делегаттардан келіп түскен ұсыныс бойынша жабық түрде өтті. Есеп комиссиясының қорытындысы бойынша сайлауға қатысқан 97 делегаттың 51 сеніміне ие болған Т.Айдынов кәсіподақ ұйымының жаңа төрағасы болып сайланды.

Сондай-ақ, жиында Маңғыстаумұнайгаз АҚ кәсіподақ ұйымының президиумы бекітіліп, тексеру комиссия мүшелері сайланды. Жергілікті кәсіподақ ұйымы бастауыш партия ұйымдарының ережелері бекітілді.

Жиналыста кәсіподақ ұйымының бұрынғы төрағасы С.Масатовты құрметті еңбек демалысына шығарып салу рәсімі өтті. Қоғам атынан сөз алған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының бірінші орынбасары Бақыт Алтайұлы Иманбаев мырза Санатбай Масатұлына ұзақ жылғы нәтижелі еңбегі үшін ризашылығын білдіріп, жұмыс беруші мен жұмысшының арасында өзара тиімді қатынас орнатып, өндірістің өркендей түсуіне қосқан үлесі үшін алғысын айтты.

## ВСЕ ИДЕТ ПО ПЛАНУ

10-11 июня состоялось традиционные ежемесячные Генеральские планерки на месторождениях Жетібай и Қаламқас, в которых приняли участие первый заместитель Генерального директора АО «Маңғыстаумұнайгаз» Бақыт Иманбаев, заместитель Генерального директора, руководители департаментов, структурных подразделений, а также руководители сервисных организаций.

Начальник ПУ «Жетібаймұнайгаз» Сағидолла Бижанов подробно проинформировал о текущей ситуации на месторождении, рассказал о показателях уровня добычи и сдачи нефти, добычи газа, ввода скважин в действие и т.д.

Также Бақыт Иманбаев ознакомился с положением дел в области охраны труда и охраны окружающей среды. По итогам совещания первый заместитель Генерального директора дал ряд поручений, особое внимание он уделит вопросам экологии, ведь загрязнение окружающей среды, наносит урон природе и неизменно влечет за собой выплату солидных штрафов, и поэтому как руководители, так и подчиненные должны держать ситуацию под особым контролем:


- Если произошло загрязнение, то не только мастер, но и начальники цехов, а также вышестоящие руководители, вплоть до главного инженера ПУ «Жетібаймұнайгаз» должны нести персональную ответственность за произошедшее. Необходимо принимать жесткие меры, вплоть до лишения премий, - подчеркнул Бақыт Иманбаев.

11 июня Генеральская планерка прошла на месторождении Қаламқас. В ходе встречи начальник ПУ «Қаламқасмұнайгаз» Нурпейис Сарсенбай сделал подробный доклад в целом о текущей ситуации на месторождении, а так же о статусе выполнения протокольных поручений с прошлой планерки.

Кроме того, были обсуждены ряд вопросов и даны важные поручения касательно соблюдения требований экологического законодательства, о правонарушениях и о выполнении плана по капитальному ремонту и строительству объектов на месторождении Қаламқас.

По итогам двух совещаний было отмечено, что ситуация на производственных объектах стабильная, критические моменты не наблюдаются. Все работы осуществляется в штатном режиме согласно утвержденным производственным программам.

## 6 ШІЛДЕ - АСТАНА КҮНІ



## Көкті сүйген көркімен таңдандырған Астанам, Көңілінде көргеннің ән қалдырған Астанам...

Желмамен желіп жүріп, жер ұйғын іздеген Асанқайғы бабасындай тәуелсіз елі үшін жер ұйғын іздеген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Есілдің бойына ел қолдырып, алғашқы қазғыннан бастап өзі қағып, бүгінгі айдында да айбынды Ақордалы Астананы дүние әкелуі тарихқа алтын әріппен жазылған маңызды оқиға екенін төрткүл дүние мойындады. Ол Президентіміздің қазақ елінің мәңгілік ел бола алатындығын дәлелдеп, осыған ең әуелі өз жұртымыз да, одан қалды дүние жұртының да көздерін жеткізіп, иландыра білген ұлылығы еді. Бұл Астана - тәуелсіздігіміздің дүп-дүп соғып тұрған жүрегі.

Бұл Астана - халқымыздың барлық ұлы мұраттарының Бәйтерек болып тереңге тарқан тамыры. Бұл Астана - дәлелденген дүниенің қазақ елінің отырған қасиетті бір жеріне орнатылған алтын тұғырлы, азаттығы жолында мың өліп, мың тірілген қазақ үшін соғылған ұлы Ескерткіші! Шілде айының 6-шы жұлдызы Елордамыз - Астана күні. Еңселі Елордамызға үстіміздегі жылы 18 жыл толғалы отыр. Астана күні - жалпы ұлттық сипатқа ие мерекеге, халықтың асыға күтетін зор қуанышына айналып үлгерді.

Жылда Астана күнін атап өту мерекесіне еліміздің түкпір-түкпірінен арнайы қонақтар шақырылады. Олардың қатарын қарапайым мұнайшылар, шахтерлер, педагогтар, теміржолшылар, т.б. түрлі мамандық иелері құрайды. Келген қонақтар Елордамыз Астананың көркіне тәнті болып, шын көңілден озықлас ниеттерін білдіріп жатады.

«Мұнайлы өлке» газеті релакциясы биылғы мереке қарсаңында Астананың туған күнін бүкіл қазақстандықтармен бірге Есілдің бойында атап өту құрметіне ие болған «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында қызмет ететін әріптестерімізді әңгімеге тартып, естеліктерімен бөліскен едік.

### Рабаева Мәншүк - қоғамдық тамақтандыру бөлімінің Жетібай кенорындыдағы технология

- Мен 2012 жылы ел ордамыз Астана қаласына «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясының мұнайшыларға берілген арнаулы жолдамамен барған болатымын. Онда біздер жас қала - өзіміздің Елордамызбен жақын таныстық, яғни небір тамаша жерлерін араладық, танысын өте қатты әсерде болдық. Астанамыздың өркендеп өсіп, күн сайын көркейіп келе жатқанының куәсі болдық. Астананың мәдениеті мен қонақжайлылығы, астаналықтардың кен пейілді көңілі бізге шын мерекелі қуаныш сыйлағанын бүгін керемет көңіл-күймен еске аламын. Астана қаласында болған аз ғана уақытымыз үлкен демалыс, жаңа қуат сыйлады. Астанамыз зымыран уақыттың қошынан қалмай дамып, көркей берсін! Елорданың еліміздің жарқын болашағының белгісі болатындығына сенімдіміз. Гүлдене бер, көркем қала Астана!

### Пирогов Федор - Қаламқас кенорынды уәкілетті дәрігері

- С особыми чувствами вспоминаю незабываемую поездку в Астану летом 2012 года. Очень впечатлила масштабность и красота новостроек нашей молодой столицы. Во всем без исключения ощущалось стремление города к росту. Всё это усиливалось непередаваемой словами праздничной атмосферой и радостным настроем жителей и гостей города в связи с предстоящим событием - Днём Астаны.

Из культурных мероприятий особо запомнилось посещение

Центрального концертного зала и ледового дворца спорта, где нам повезло насладиться красочным представлением с участием всемирно знаменитых фигуристов. Во всё время пребывания в Астане меня не покидало чувство гордости от того, что побывав в этом чудесном городе, невозможно не полюбить его с первого взгляда, с первого дня! До сих пор поездка столицы остаётся одним из самых приятных и волнующих воспоминаний, которые всегда будут жить в моём сердце! Очень хочется обязательно побывать там ещё и ещё раз, чтобы снова окупиться в непередаваемую атмосферу этого чудесного города. Искренне верится в то, что с каждым годом Астана будет расти и хорошеет на радость всем казахстанцам!

### Ешжанов Ерболат - «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының операторы, Жас мамандар Кеңесінің мүшесі.

- Тарихтың аса бір қысқа мерзімінде бой көтеріп, адамзат тарихында ғасырлардан бері астана болып келе жатқан талай да талай бір әйгілі де әйлік қалалардан өзінің сәні мен салтанатын да, сәулеті мен дәулетін де асырып, адамзаттың бүгінгі өркеніне алдындағы өзінің тарихи миссиясын да адал атқарып келе жатқан Астананың даңқы әлемге қазақ елінің даңқы болып жайылғандығына қуанам.

Астана қаласымен аспандаған дүние алдындағы абыройымыз және де осы бір жарқын да үстем мерейіміз үшін біз ең әуелі бір ғана адамға - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа алғысымызды айта берейік. Дүние астан-

кестен болып, бодандықтың бұғауынан енді босап, ес жиналып, етек жабылмай жатқан шақта атыны ауыстырмақ түгелі мінген атынан ауып түсіп қаламуды ғана ойлар қилы да қиын кезеңде Елбасының Алматыдағы астананы Арқадағы Ақмолаға көшіруін кеменгерлік демей көріңізші!

Мен өзім еңбек демалысы болсын, ауысымнан демалысқа ауғанда Астанаға қалайда бір барып қайтуға тырысам. Рухани түлеп қайтам, қанаттанып ауыла оралам. Зиялылық, іскерлік келіп қоныстанғанға куә болып келемін. Астанаға барған соңғы сапарымда Қазақстанның Еңбек Ері, Халық жазушысы, заманымыздың кеменгері Әбіш аға Кекілбаевпен, қоғам және мемлекет қайраткерлері Зейнолла Алшынбаев, Гүлнар Сейтмағанбетовамен кездесіп, ел тағдыры, өзіміңің шағын отаным, атақұлдітім Маңғыстауыма байланысты келелі әңгімелер тыңдалым, бізге-жастарға жүктелер жауапкершілік сезімін арқалап қайттым. Жігеріме жігер қостым, алдымдағы мұрат-мақсатымды айқындадым.

Астананың көшесінде аяндап келе жатқанда жанарыңды еркіндік пен елдіктің мәңгілігінің символына айналған «Бәйтерек» тартады. Бұл «Бәйтерек» барша қазақ жұртын біктерге шақырып тұрар қуатымен де, өзінің асқақтығымен де, арманды болашағымен де қымбат тұғыр! Елдігімізді, теңдігімізді, арманды болашағымызды мен қасиетті «Бәйтеректің» биігімен өлшеймін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш, Астанамыздың мәртебесі биік болғай!

## НАЗНАЧЕНИЕ



С 17.06.2015 года Председателем общественного объединения "Локальный профессиональный союз работников АО "Мангистаумунайгаз" избран Айдинов Талгат Хамидуллаевич.

Айдинов Т.Х. родился 01 января 1956 года в Мақатском районе Гурьевской области.

Образование высшее: в 1990 году окончил Ново-Узенский нефтяной техникум, а затем в 2001 году окончил Казахский национальный технический университет им. К.Сатпаева.

Трудовую деятельность начал в августе 1973 года в Прикаспийском горно-металлургическом комбинате. Прошел путь от ученика газорезчика котельно-кузнечного цеха ремонтно-механического завода до газорезчика 3 разряда.

07.1985-01.1989 гг. - слесарь-ремонтник 3 разряда цеха по поддержанию пластового давления (ЦППД) Производственное управление "Каламқасмунайгаз" АО "Мангистаумунайгаз".

01.1989-03.1990 гг. - слесарь по ремонту и обслуживанию нефтепромыслового оборудования 4 разряда ЦППД ПУ "Каламқасмунайгаз" АО "Мангистаумунайгаз".

03.1990-04.1990 гг. - оператор по поддержанию пластового давления 4 разряда ЦППД ПУ "Каламқасмунайгаз" АО "Мангистаумунайгаз".

04.1990-11.1994 гг. - мастер по освоению и ремонту нагнетательных скважин ЦППД ПУ "Каламқасмунайгаз" АО "Мангистаумунайгаз".

11.1994-01.1999 гг. - заместитель начальника цеха ЦППД ПУ "Каламқасмунайгаз" АО "Мангистаумунайгаз".

01.1999-07.2004 гг. - начальник цеха ЦППД ПУ "Каламқасмунайгаз" АО "Мангистаумунайгаз".

07.2004-07.2010 гг. - начальник производственно-технического отдела ПУ "Каламқасмунайгаз" АО "Мангистаумунайгаз".

07.2010-06.2015 гг. - начальник производственно-технологического отдела ПУ "Каламқасмунайгаз" АО "Мангистаумунайгаз".

С 17.06.2015 года Председателем общественного объединения "Локальный профессиональный союз работников АО "Мангистаумунайгаз".

Женат, воспитывает 2-х детей.

### Кенорындарында

## КӘСІПШІЛІКТЕГІ КЕЗДЕСУ

24 маусым күні «Мангистаумунайгаз» акционерлік қоғам Басқармасы «Жетібаймұнайгаз» кенорының еңбек ұжымымен кездесті. Кәсіпшіліктерде жыл,тоқсан қорытындысы бойынша өтіп тұратын дәстүрлі жиында еңбек қатынастары, әлеуметтік қамту мәселелері қозғалады.

Кездесуде «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының бастығы Болат Сейтмағанбетов өткен тоқсанның қорытындысы бойынша мұнайшылар тарапынан көтерілген мәселелердің орындалысы туралы есеп берді. Хаттамаға 8 сұраған тіркеліп, оның барлығы дерлік орындалған. Штаттық кесте, еңбек ақы төлеу жүйесі, Қызылтобе ауылы тұсынан аялдама құрылысын салу мәселелері шешімін тапқан. Басқармадағы ең күрделі мәселе - тәжірибеде жүрген жас мамандарды тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету. Жетібай кенорында да Каспий Қоғамдық Университетінде 2008-2013 жылдар аралығында компания есебінен оқыған мамандарды жұмыс орны ташпылығына қарамастан босаған вакансияларға жыл сайын кезек бойынша мүмкіндікке орай біртіндеп орналастыру күн тәртібіндегі кезек күттірмес мәселелердің бірі.

Кездесуде «Мангистаумунайгаз» акционерлік қоғам Басқармасы мүшесі, компания бас директорының бірінші орынбасары Б.Иманбаев өндірістің қазіргі жағдайына тоқталып, мұнайшылар тарапынан жиында көтерілген мәселелердің шешу бағытында алынған жатқан шаралар туралы баяндады, Жетібай кеноры басылымына нақты тапсырмалар берді.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша жетібайлық мұнайшылар көтерген мәселенің бірі – артырғы шаралар өткізу барысында қиындық туғызып жүрген музыкалық дыбыс күшейткіш аппаратурамен қамтамасыз ету туралы болатын. Кездесуде Б.Иманбаев өндірістік басқарма ұжымына осы құрал-жабдықтарды тапсырды.

## ИННОВАЦИЯ – ӨНДІРІС ТАЛАБЫ!



Үстіміздегі жылдың маусым айының 23-күні «Каламқасмунайгаз» өндірістік басқармасының материалдық-техникалық базасы құнды құрылымға толықты. Оған себепші болған «Каламқасмунайгаз» өндірістік басқармасының бас механигі Майрам Садақбаев, бас механика бөлімінің жетекші механигі Біләл Жанбырбаев, техникалық қауіпсіздігі департаментінің маманы Бауыржан Латип және пайдаланыстағы жабдықтарды прокаттау - жондеу цехінің бастығы Әлібек Смайлов.

Осы мамандардың өндірісті оңтайландыру, жұмысшылардың еңбек ету жағдайларын жақсарту бағытындағы тынымсыз ізденістерінің арқасында ПН-70 және ПП-063 пештерінің иректүтіктерін жондеу-ауыстыру жұмыстарын жеңілдететін қондырғы ойлап табылды.

Бұл бұрын-соңды қолданысқа енгізілмеген тың идея, құрылымы да қарапайым, есесіне өзіндік құны да компания бюджетіне ауыр тимейді. Арнайы алаңпасы бар қондырғысына электрлі қозғалтқыш арқылы іске

орнатылады.

Бұрын мұндай жұмыстар 2 ауыр техника мен 6 кісінің күшімен жасалатын, бұған қоса қоршаған орта



мен жұмысшыларға төндіретін қауіп-қатері де жоғары еді. Ал енді бұл жұмыстарды жүзеге асыру үшін небары үш маман, 1 ауыр техника мен осы қондырғының күші жеткілікті, әрі қауіп деңгейі де анағұрлым төмендеген. Жалпы, Қаламқас кенорында

косылатын бәсендеткіш орнатылған. Керек болған кезде, жылы жылы қондырғы жондеуді қажет ететін пештің жанына орнатылады да, ақауы бар иректүтік пешінен сыртқа сүйреп шығарылып, жондеу жұмыстары аяқталғаннан кейін жаңа иректүтік пештің ішіне

иректүтікпен жабдықталған ПН-70 және ПП-063 маркалы мұнай жылыту 168 дана пеші бар. Бір айда 4-5 дана иректүтік ауыстыру жұмыстарын қажет етіп тұрады. Енді ол жұмыстар жаңа қондырғының көмегімен жүзеге асырылып, нәтижесінде еңбек тиімділігі артып, көрсеткіштің қызметтің өзіндік құны төмендейтін болады.

Шикізат нарығындағы бүгінгі ахуалды ескерсек, мұндай инновациялар – жұмыс процесін оңтайландыру өндірістің өміршеңдігі үшін аударай қажет деп таныған компания басылымы Қаламқас кенорында сынақтан сәтті өткен қондырғыны мұнай кәсіпшілігінде кеңінен пайдалану шараларын алуда.

Мұнайшы - өнертапқыштардың аталмыш жаналығы басқа да өндіріс орындарына жол тартып, компанияның тұрақты дамуына септігін тигізбек. Демек, қаламқастық өнертапқыштардың еңбегі еш болмақ емес!

Ғ.Әбісидықов



## УМЕНИЕ И ОПЕРАТИВНОСТЬ

Сегодня не только быт человека зависит от электроэнергии, бесперебойное обеспечение электричеством является стратегически важным и для производственного процесса. Даже незначительная задержка в этом деле может привести к миллионным убыткам.

В мае в связи с ремонтом магистрального газопровода ДУ 700 «КС Жанаозен-Ақтау» планировалось ограничение в объеме более 50% поставок газа АО «КазТрансГазАймак» в адрес ТОО «МАЗК-Казатомпром» (далее - МАЗК) продолжительностью 60 часов. Для предотвращения системной аварии в рамках существующих нормативных актов планировалось обязательное введение ограничений по всем потребителям – субъектам оптового рынка электрической энергии суммарно на 175 МВт. В результате чего, дефицит электрической энергии может вызвать значительные убытки для крупных промышленных предприятий области, в том числе для АО «Мангистаумунайгаз».

В этой связи, для руководства АО «Мангистаумунайгаз» встал вопрос «Как предотвратить убытки от простоя производства?». Ведь потери понесенные компанией от сокращения добычи углеводородного сырья, в конечном счете, могут отразиться на выплатах для простых работников, чего компания не могла ни в коем случае

допустить! Решением стало то, что МАЗК являясь единственной энергоснабжающей организацией по Мангистаумунайгаз, и для навстречу предложениям Акимата Мангистаумунайгаз области и от основных потребителей электроэнергии – АО «Мангистаумунайгаз», АО «Озенмунайгаз», АО «Каражанбасмунайгаз» и других нефтяных предприятий согласился воспользоваться технологической возможностью использования в качестве топлива мазута вместо газа.

На основании данного решения, первым среди компаний АО «Мангистаумунайгаз» осуществлена поставка мазута марки М-100 в адрес МАЗК в объеме 414,912 тонн. Что позволило предотвратить вероятные убытки от простоя производства и обеспечить своевременное выполнение производственных программ, что является крайне важным не только для акционеров, но и для рядовых сотрудников, так как безубыточность производства означает своевременную выплату заработной платы и других социальных выплат.

Здесь хочется отметить высокий профессионализм ответственных работников Общества, четкую организацию работ, оперативность при решении возникающих задач, умение принимать своевременные и правильные решения.

Г.Абдильдықов



## «АЛАУДАҒЫ» СЕНБІЛІК

департаменттерінің қызметкерлері жыл сайынғы қалыптасқан дағды бойынша жиналып, «Алау» балаларды сауықтыру орталығына сенбілік өткізуге келіп отырмыз. Маусымның 15-інде осы орталыққа акционерлік қоғам қызметкерлері балаларының алғашқы легі көптен күткен демалыстарын өткізуге келеді. Сол балғындар мұнтаздай таза жерде, мөлдір сулы жағажайда еркін асыр салып ойнап, демалыс уақыттарын қызықты өткізуі үшін кішкене де болса тигізіп отырған қолғабысымыз бұл. Сауықтыру орталығының жинақы да таза болғаны балалар үшін де, ата-аналар үшін де ғанибет емес пе?! Сол себепті біз компания басшылығы ұйымдастырып отырған бұл іс-шараны толықтай қолдап, бір кісідей атсалысып жатырмыз, - дейді сенбілікке белсене қатысып жүрген әріптесіміз Майрамбай Дүйсекеңұлы.

Сенбілікке шыққандар қажетті құрал-саймандармен, техникамен толық қамтамасыз етілді. Шара барысында «Алау» балаларды сауықтыру орталығының аумағы қоқыстардан тазартылып, су жүретін арықтар құмнан аршылып, ағаштардың түптері ақталып, қоршаулар сырланып, абаттандыру жұмыстары жасалды. Сенбілік соңында жиналған қоқыс қалдықтары арнайы бөлінген техникалармен полигондарға жөнелтілді.

Жайдары жаздың үш ай бойғы ұзақ демалысына шыққан балаларға зор қуаныш сыйлайтын демалыс орындарының бірі – осы қарт Каспийдің жағасында орналасқан «Алау» балаларды сауықтыру орталығы. Оның тазалығы – басты талап. Сондықтан да акционерлік қоғамның департаменттер қызметкерлері түгелдей қатысқан бұл сенбіліктің мән-маңызы ерекше.



Табиғаты тамаша, құмы таза, суі мөлдір Каспий жағасы – балалар үшін ең қолайлы демалыс орны. Бұл орталықта балаларға көптеген қызықты бағдарламалар ұйымдастырылып, алуан түрлі сый-сияпаттар жасалады. Балаларды сауықтыру орталығының басты міндеттерінің бірі – бүлдіршіндердің толыққанды демалысын ұйымдастыру және олардың мектепте алған білімдерін бекіту, сонымен қатар дене тәрбиесімен де шұғылдандырып, баланың моральдық-этикалық қағидаларын нығайту және тілдерді үйрету болып табылады.

Маусым айының 13-жұлдызында «Манғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің бастамасымен «Алау» балаларды сауықтыру орталығында сенбілік өткізілді. Сенбілікке акционерлік қоғамның аппарат басшылығы, барлық департаменттерінің қызметкерлері толықтай қатысты. Жоғары белсенділігімен өткен мұндай сенбіліктер алдағы уақытта да жалғасын таппақ.

- Бүгін «Манғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының барлық

# ЖАЗ ҚЫЗЫҒЫ ТАМАША!

Балалардың демалыс маусымы басталды



Оқу жылы аяқталып, мектеп оқушылары асыға күткен жайнаған жаз да келді. «Манғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы жылдағы қалыптасқан дәстүр бойынша мұнайшы балаларының жазғы демалысты қызықты өткізуге жағдай туғызып, игі істерді жалғастыруда.

Маусымның 17-сі күні қарт Каспийдің жағасында орналасқан «Алау» балаларды сауықтыру орталығының бірінші маусымы салтанатты түрде ашылды. Ашылу рәсіміне «Манғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директорының бірінші орынбасары Бақыт Алтайұлы Иманбаев, департамент директорының орынбасары Хоу Тяньэй, «Алау» БСО директоры Татьяна Хаджимұратқызы қатысып, балаларды маусымның ашылуымен құттықтап, оларға қызықты да жарқын демалыс тіледі. Демалыс орны балаларға арналған концерттік бағдарлама, түрлі ойындар ұйымдастырып, алғашқы көңілді де думанды сый-сияпатын тарту етті. Түгелдей аппақ болып кінген, періштедей пәк балғындар мәрсе-сәре, қуаныштарында шек жоқ. Жүздерінде кіршіксіз бала көңілден шыққан риясыз күлкі ойнайды.

Таза құмды, мөлдір сулы теңіз жағасында орналасқан балаларды сауықтыру орталығы енді жаз бойы балғындардың шат күлкісіне толы қызығы тарқайтын ортаға айналды. Бүлдіршіндер туған жердің табиғат аясында еркін тыныстап, толқындары көбік шашқан теңіз суына шомылып, балалық шақтың бал қызығына бөленбек.

Балаларды сауықтыру орталығында 240 баланың еркін демалуына барлық

жағдай жасалған. Бүлдіршіндердің әрбір күні қызықты өтуі үшін табиғат аясында түрлі мәдени және спорттық шаралар, ойындар өткізілмек. Ақтау қаласына қызықты саяхаттар ұйымдастырылып, кинотеатрларға апару, демалыс орталығына «Шапито» циркші шақыру жоспарлануда. Бұл кезең балаларға шексіз қуаныш пен көтеріңкі көңіл күй сыйлайтын нағыз қызықты шақ болары анық. Осының бәрі – тамаша сауықтыру

Демалуға келген балалар мұнда күндерін көңілді өткізіп қана қоймай, білімдерін толықтырып, шығармашылық қабілеттерін де шыңдап қайтады. Сондай-ақ балалардың таным көкжиектерін кеңейтуге де айрықша көңіл бөлініп отыр. Өртүрлі танымдық бағдарламалармен қатар экскурсиялар да өткізіледі.

Бала – біздің болашағымыз, олар – еліміздің ертені. Сондықтан балғындарға сапалы білім мен саналы тәрбие беру –



бағдарламаларын шебер ұйымдастырып жүрген білікті мамандардың арқасы.

«Алау» балаларды сауықтыру орталығындағы демалыс төрт маусымнан тұрады. Әрбір маусымның ұзақтығы – 15 күн. Жасөспірімдерге бес мезгіл тамақ мәзірі әзірленген. Тамақтану орталықтары барлық санитарлық талаптарға сай, тазалық пен тәртіп қатаң қадағаланады.

басты міндет. Осындай сауықтыру орталықтарында бүлдіршіндердің демалыстарын тиімді өткізіп, өнегелі тәрбие алуы олардың болашақта бойларын жат әдеттерден аулақ ұстауына бірден-бір себеп болары сөзсіз.

Демалыстарың қызықты өтсін, балғындар!

### Лебіздер

Тұрабаев Даулет:

Мен Қуанышбай Жұқаевтың ұлымын. Әкем «Жетібаймұнайгаз» ӨБ мұнай және газ өндіру цехында дөнеркерлеуші болып жұмыс жасайды.

Жаз басталысымен қайда барамын, жазғы каникулды қайда өткіземін деп ойланып жүр едім. Әкем Қостанай қаласындағы «Мерей» лагеріне жолдама алып берді. 15 маусым өзім секілді құрбы-құрдастарыммен поэзия отырып, бір-ақ күнде Тобыл өзенінің жағасында орналасқан Қостанай деген табиғаты керемет жерге бардық. Сол жақтағы төртбеші аға-апаайлар өте мейібан, бізді күліп қарсы алды.

Лагерь маған өте қатты ұнады. 5 мезгіл тамақ мәзірі бар, таңертеңгілік таңғы жаттығулар жасаймыз, түстен кейін қаланы аралатты. Түрлі конкурстар мен қызықты ойындар өткізілді. Өзіме жана достар таптым. 10 күндей демалып, кетерде барлығымыз бір-бірімізді кимай қолпастық. Келесі жазғы демалысты және қуанышты кездесулерді асыға күтемін.

\*\*\*

Башиев Берекет:

Мен биыл 7-сыныпты бітірдім. Жетібай кенорыны қабақ қысымын ұстау цехында еңбек ететін анам Зәуре Кенетаева маған ерке Жайықтың жағасында орналасқан «Евразия» жазғы ауысымында демалатынымды айтқанда, қуанышымда шек болған жоқ. Демалыс маусым айының 18-30 күндері аралығында өтті. Алғашқы күннен-ақ лагерь маған қатты ұнады. Себебі қоз тартарлықтай әсем табиғаты, аспаздардың пісірген дәмді тағамдары, әртүрлі ойындар көңілдімден шықты. Тәлімгерлеріміз де өте сыйайы, көңілді адамдар.

Біз бірінші күннен бастап, топтарға бөлініп, ұйымшылдыққа үйрендік. Мұнда әр күнігі өте қызықты тосын сыйларға толы өтеді. Әртүрлі мерекелік іс-шаралар, интеллектуалдық, танымдық, спорттық көңілді ойын-сауықтарға белсене қатыстық. Шындығында лагерьлерде көп нәрсеге үйренуге болады екен. Ең бастысы, қолбасшылық қабілеттерге баулыды.

Тарихы бай Орал қаласының ең көрікті жерлеріне саяхат жасап, мұражай мен кинотеатрға бардық, фотосуретке түстік, флеш-моб өткіздік. Осылайша, лагерьдегі күндеріміздің қалай тез өтіп кеткенін де байқамай қалдық. Мен лагерьде көптеген достар таптым, олармен лагерьден қайтып келгенде де тығыз байланыс ұстаудамыз. Мен осы аумсымағы бірінші рет барып келдім, келесі жылы да барсам деймін, шіркін! Бізге осындай мүмкіндіктер берген «Манғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамына және лагерь ұйымдастырушыларына көп алғыс айтамын!

## МҰНАРАЛАР БАСЫНАН ӘУЕН ҰШТЫ

Маңғыстаудың ойынған жыр мен күйін жасынын ойнатып, салдық пен серілікті әнмен әдептеген Бес Жүйрік, Жеті қайық, бұлбұл мен дүлдүлдің саркаты, өнер-дәстүрдің алтын арқауының бүгінге дейін тартылғанын көргенде ел іші – өнер кеніші деп жататын қағиданың дұрыстығын еріксіз мойындайсың. Қасиет-тоқырақтан.

Аға буын біледі, күні кешеге дейін руханият, идеологияны дәрігер мен мұғалім жасайтын. Білім мен білік, қазақы мәдениет пен өнерді серік еткен ауыл интеллекттерінің алдынан басқаны айтағанда осы Маңғыстауда тәрбие алып шыққан Ләззат Қиынов, Қайролла Ережепов бастаған ондаған ағаларымыз ел басқарды, арғыда Сержан, Розалар, бергіде Тамаралар өнерімен елдің атын шығарды.

Уақыттың бұйрығы шығар, бүгінде көзінде жылты, көкірегінде білімі бар өрен мұнайды таңдайтыны жасырын емес. Демек, ұлттың қаймағы өндірістің төңірегіне топтасуда. Қазір жоғары технологияны меңгерген жаңа буынның бойында өнер де, білім де бар. Сөзімнің дәлеліне ұйыту үшін Қаламқас кенорындағы өнерпаз жастардың жақсы ісін жария етуді жөн көрдім.

Бірер жылдан бері Қаламқас кенорындағы жұмысшылардың жұмыстан кейінгі кешіке бос уақытын пайдалы ұйымдастыруға бағытталған шаралардың нәтижесі айтарлықтай. Спортты ермек еткен мұнайшылар облыста бәйгегін алдын бермеуге айналды. Бір кешіні түс – көркемөнерпаздармен жұмыс еді. Бүгінде спортшылармен бірге мұнайшылар қалашығындағы спорт кешінен өнерлі жастардың да асыға басып бара жатқанын көресің. Оған да себеп бар – 2013 жылдың қараша айынан бастап «Қаламқас мұнайгаз» өндірістік басқармасы және серіктес сервистік қызмет көрсету мекемелері көркем өнерпаздарынан жасакталған «Қаламқас» вокалды-аспапты ансамблі құрылған болатын. Өндірістің қым-қуыт шаруасы, вахталық әдіспен қатынау бар, үздіксіз технологиялық процесстен мойын бұрып, бас түгелдеудің алғашқыда біршама қиындықтар туғызғаны рас. Дегенмен

ансамбльдің негізгі құрамындағы әуесқой музыканттар мен өнерлі жастар жігерін жаны отырып, ол сындардан да өтті. Бұл орайда компания басылылығы мен өндірістік басқарма жетекшілерінің қолдауын айта кеткен жөн. Шығармашылық топтың ізденісін шыңдау, демеу мақсатында заманауи музыкалық құрылғылар мен аспаптар алынды. Күні

Қатар көбейді. Топ құрамы жыршы-термешілермен, Маңғыстаудың Жеті қайықсының әндерін эстрадалық вокал жанрларында орындаушылармен толығуда. Бүгінде әншілер №1, №3 өндіріс цехтарының жұмысшылары Қайрат Қарабалаев, Нығмет Қалдыбаев, ғылыми зерттеу және өндірістік жұмыстар цехынан – Еркін Еңсегенов, тұрғын үй цехынан –

Алтынбек Саргожаевтар ансамбльде өнер көрсетеді.

«Қаламқас» вокалды-аспапты ансамблі концерттік бағдарламаларымен мұнайшылар арасындағы өткізілетін Жаңа жыл, Наурыз, Мұнайшылар күні мерекелік іс-шараларының бел ортасында. Өнерпаз ұжым өткен жылы көршілес орналасқан Қаражанбас мұнай кенорындағы мұнайшылар кентінде әріптес мұнайшыларға арнайы концерттік бағдарламамен барып, концерт қойды. Бил үстемізіндегі жылдың мамыр айында Шайыр ауылында осы ауылдың түлектері - белгілі талантты ақын, сазгерлер, марқұм Талғат Атшыбаев пен Қыдырбай Тұрмағанбетовтың мұрасын еске алу ұрпаққа насихаттау бағытында өткізілген концертке ұжым толық құрамда қатысып, ауыл тұрғындарының ыстық ықыласы мен ізгі-ітпінатына бөленді.

«Жаңа ұжым алдағы уақытта өз репертуарын тың туындылармен толықтырып, шығармашылық ізденісін шыңдай түспек. Қалың елге жеткізер іздеушісі, мол мұрасына не болып, қамқор болар жанашыр жерлестері тұрғанда, Маңғыстау сазгерлерінің құлақ құрышын қандырар әуезді әндері туған елімен бірге жасап, өз өміршеңдігін жоғалтпайды деп сенем. Бұрынғы мен бүгінгі бүтіндеу – елдік болады. Халықтың жанына жақын ән-әуендерін жоғалтпай аман алып қалу тек қана кәсіби маманның мұраты болмаққа керек. Халқының мұрасын сүю ол мұнайшы ма, құрылысшы ма, жанына көркем әуен тыныштық бермейтін әр қазақтың бойында бар. Осы ретте біздің шығармашылық ұжымның мұнайшылық кәсіп пен өнерді қатар алып жүруі заңдылық деп ойлаймын», – дейді «Қаламқас» вокалды-аспапты ансамблінің жетекшісі А.Саргожаев.

Біздің білгеніміз, өнерпаздардың биылғы жоспарында Жетібай кенорында, «Маңғыстау мұнайгаз» акционерлік қоғамы бас ғимаратында, сондай-ақ мұнайшылар күніне орай Ақтау қаласы тұрғындарына өнерлерін ұсыну бар. Еліміздің игілігін еселеп, ел экономикасының тірегі болып жүрген мұнайшы жастардың өнеріне де ризашылықпен қол соғатынымызға сенемін.



кеше ғана, маусымның соңғы күні «Маңғыстау мұнайгаз» акционерлік қоғамы Басқарма мүшесі, компания бас директорының бірінші орынбасары Бақыт Алтайұлы Иманбаев келіп, музыкалық аспаптардың рыноктағы соңғы жаңалықтарына жауап беретін соқпалы аспаптар топтамасын, күйсандық, гитара, музыкалық өзге де аса қажетті асай-мүсейлерді сыйға тартып кетті.

Атақты Қаламқас апаның атын иеленген вокалды-аспапты ансамбльдің репертуарында бүгінде 30-ға жуық әндер бар, ұжымға кәсіби білімі бар маман Алтынбек Саргожаев жетекшілік етеді.

Алғаш рет мұнайшылар күніне арналған мерекеле сахнаға көтерілген ансамбльдің өнеріне тәнті болған көрермен-әріптес бүгін топтың құрамындағы өнерпаз-әріптеске айналды.

Гулжан Өтемұратова, қауіпсіздік қызметінен - Маңғыстаудың жеті қайық әндерін орындаушы Қадірбек Құдияров, ансамбль әншісі Сахи Нұртілеуов, техникалық жабықтау саласынан - әнші-термеші Елдос Рамазан, өрт-сөндіру қызметінің қызметкерлері - күйсандықта Ермұхан Жамансарин, көлік департаментінен - әнші, бас гитариста орындаушы Мархабат Бегилдинов, электроакустикалық гитариста - мұнайшы Жұмабай Ақмұрзаев, әншілер Сағидолла Қойлыбаев, әншілер «ОТК» серіктестігінен Жаңалық Бейсенқұл, «ОСК» серіктестігінен Нұрлыбай Нұрғожаев, Асылбек Аққулов, «Маңғыстау-энергео мұнай» мекемесінен - дауыппаз аспабында Марат Көпекөв, қосымша күйсандықта Асланбек Сатқанов, сол гитариста әлеуметтік бөлім қызметкері

## ЕСТЕ ҒОЙ, ДАРИҒА, ҚАЛАМҚАС КЕШТЕРІ...



... Біздің қазақ әңкұмар халық... Біреу қолына домбыра ұстап ән сала бастаса, ойдағы-қырдағысы жиналып, сегіздей бала, сексендей шалына дейін қалмай қамалап, айтышы-айтышалап жанын жағасына келтіреді. Бара-бара не болса да сол әндегі рух сүйегіне сінеді, құлағында қалады.

Осы ретте, әлеуметтік мәселелер бөлімінің бастығы Жалғас Сабыртаев пен Қауіпсіздік қызметінің күзетшісі Еділ Бекмұрат домбыра кешін ұйымдастырып жатыр дегенді естіп, 13-ші маусым Қаламқас кенорына жаршының жаңалығын жазайық, жақсымен жақын болайық деп асыға жеттік. Мұнайшы қауым әдеттегіден көп жиналды. Кеш шымылдығын Ж.Сабыртаев өзі ашып, бұл айтулы кештің осымен 4-ші рет өткізіліп отырғанын тілге тиек етті. Ары қарай, кештің көркіні Б.Айдаров, Б.Қосбармақов, Қ.Тәжібаев, С.Өрбісенов сынды жігіттер әуезді әндерімен әшекейлесе, А.Жұрымбаев сынды төпке күйдің шебері күмбезді күймен көмкерді. Қазақтың қара домбырасын сағынған мұнайшы жастар да, аға-апаларымыз да кикүта-қику

қосып, мәре-сәре болды. Бойды елітер әсем ән мен тәтті күйді тыңдап отырып, екі сағаттың қалай лезде өте шыққанын байқамай қалыппыз. Осы кеште күй ағасы атанып кеткен Құрманғазының «Адай», Дәулеткерей Шығайұлының «Көроғлы», Нұрғиса Тілендиевтің «Аққу», «Әлкисасын», Түркеш Қалқалұлының «Көңілашарын» асқан шеберлікпен орындап, жиылғандары өнерімен тәнті еткен Айбек Жұрымбаев туралы айтпай кетуге болмас.

Айбек Жұрымбаев бүгінгі таңда «Қаламқас-мұнайгаз» өндірістік басқарма ғылыми зерттеу және



басына, тұрымтай тұсына» кеткен зұлмат заманда туған жерден жыраққа кетіп бара жатып, көз жасын тия алмаған елді көре тұрып, осы бір қасыретті көріністі «Қоштасу» күйімен өрнектенген көрінеді.

«Сабаалағанның бәрі күйші емес, абаалағанның бәрі әнші емес» деген. Жас өнерпаздың бүгінге дейін жеткен жетістіктері ауыз толтырып айтарлықтай. Күйдің құдыретін бір кісідей түсінетін Айбекке өнер өлкесінде бағындырар биігі мен аяар асуын көп болсын дегіміз келеді.

Бұл кеш қаламқастықтардың өнерге деген ықыласын, ұлт мәдениетіне деген ізгі ітпінатын байқатты. Дәл осындай ұлттық болмысымызды дәріптейтін шығармашылық жобаларымыз алдағы уақытта тың ойлармен толысып, Қаламқаста ғана емес, Жетібай, Асар кенорындарында жиірек өткізу дәстүрге айналса, нұр үстіне нұр болар еді. «Қаныңдағыны қастерлемесен – қадірің болмайды» деген дана халқымыз. Ендеше, халқымыздың канға сеген өлеңі мен өнерін қадірлеп, қастерлей білейік.



өндірістік жұмыстар цехында оператор болып қызмет етеді. Құлшар Бақтыбайұлы атындағы Бейнеу өнер мектебінің түлегі, республикалық конкурстардың 2 мәрте жеңімпазы. 40-қа жуық күйді жетік білетін Айбек күй өнерінің жүйрігі Бадан Елемесұлының ұрпағы. Бұл кешегі елуінші шебәрдегі дейін өмір сүрген, бармағына құдырет дариған жобалар орындаушы.

Бадан күйші Маңғыстау күй мектебін кейінгі ұрпаққа жеткізуге зор үлес қосқан, кешегі ел үлдері көшіп, «балапан



**СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ**

## АТАУЫ ЕРЕК, ОРНЫ БӨЛЕК



Мұнайлы өлкенің қойны-қолатын қуалай таралып, тарам-тарам тармақталған қара жолдары да өзіндік сыр шертетіндей. Кен даланың төсіндегі ойдан қыра, қырдан ойға құлаған сол жолдардың аспанға көтеріліп, бұрқыраған шаңы сарғыштанып барып, ысы ауаның қойнына жасырынып қалатын тәртізді ме, қалай?!

Шөл далада мұнай игеріліп, ел қоныстанып, бұл күндері ірі елдік мекендер пайда болу жолында ерен еңбек сіңірген адамдармен қоса техникалардың да атқарған ролі аз емес. Қара жердің қабатынан «қара алтынды» өндіру ісіне ұсақ техникалардан бастап алып көліктерге дейінгі үлкендікішілі машиналардың да қосқан өзіндік үлесі барі.

Бұл сөзіміздің мынанан бір мысалы – Жетібай кен орнындағы «Жетібай-Сервис» өндірістік басқармасының құрамындағы №1 арнаулы көліктер цехының қызметі. Кәсіпорынның тарихына қысқаша көз жүгіртсе болсақ, бұл мекеме алғаш рет 1995

жылы «Шегендеу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып құрылған болатын. Оның құрамында Қаламқас, Жетібай кен орындарында бұрғылау жұмыстарынан кейін ұңғыны шегендеу қызметін атқаратын екі шегендеу цехы жұмыс жасады. Мекеме 2001 жылы «Oil Services Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрамына енгізіліп, атауы №1 арнаулы көлік цехы болып өзгертілді.

Бүгінде цех құрамында 330 жұмысшы және 98 арнаулы техникалар (ЦА-320, АЦН, ППУ, АНЦ-32/50, АЗ-30) бар. Барлығы да күндізгі, түнгі ауысыммен кезектесіп, арнайы жасакталған кесте бойынша жұмыс жасайды. Цехта көліктердің шығуын, кіруін реттейтін диспетчерлер, жүргізушілердің денсаулығын тексеріп отыратын медбикелер, бұзылған техникаларды жөндеп, қайтадан жұмысқа шығуға мүмкіндік жасайтын жөндеушілер, дәнекерлеушілер, механиктер бар. Ұжым қызметкерлері өздеріне берілген барлық міндеттерді ойдағыдай орындайды. Жыл бұрғылаудан кейінгі қазылған ұңғыларды шегендеу, күрделі және жер асты жөндеу цехтарында ұңғыны тұншықтыру, тазалау, химиялық ерітінділерді айдау, т.б. жұмыстарды абыроймен атқарып келеді. Осы жұмыстарды жүзеге асыру үшін ЦА-320, АНЦ-32/50, АЗ-30 сияқты арнайы техникалар қолданылады.

Жылдың қай мезгілінде де – аяу райының ыстығы мен суығына да, қары мен жаңбырына да, тұманы мен топырағына да қарамай, мұнайшыларды керекті

көліктермен, арнайы техникалармен қамтамасыз етіп тұрған жүргізушілердің, машинистер мен мотористердің еңбегі мақтан тұтуға тұрарлық. Атап айтар болсақ, олардың арасында өздерінің өнегелі ісімен кейінгі жастарға үлгі болып жүрген Дабылов Есенбай, Ағатаев Үмбет, Албаев Сансызбай, Жұмағалиев Якуф, Еркембаев Өмірбай, Борамбаев Латип, Тайжанов Жадырасын, Шауменов Амангелді, Ұзақбаев Рахмет, мотористер Қуандықов Рамазан, Қанкөшек Айтбай, Нәбиев Шопан, Қылыбаев Азанбай, Өтебаев Мұрат, машинистер Түгеров Смак, Азаров Мәкен, Қалдаулетов Сүлеймен, Сақтағанов Дүйсенбай, Шамиянов Нұрлан, Берікбосынов Абат, тағы басқалардың еңбектері ересен. Осы алдыңғы буын ағалардан тәлім-тәрбие алып, білім-біліктерін шыңдап жүрген жастар да баршылық. Олардың қатарынан Ерғазы Асылбек, Үсенов Бекмұрат, Союнов Бердімұрат, Шегебаев Ерден, Құдайбергенов Демеген, Алдияр Наурыз, т.б. көруге болады. Жыл сайын Мұнайшылар мерекесі қарсаңында компания мекемелері арасында өтетін «Үздік маман» жарысына қатысып, өз қызығушылығын намысын қорғап, жүлделі орындарға ие болып жүрген Қонарбаев Мәрат, Жақузов Нұрлан, Түгеров Смак, Азаров Мәкен, Аллабиринов Бердүлеттердің аттарын айрықша атап өткен жөн.

Техниканың қыр-сырын жетік меңгерген білікті мамандардың арқасында бүгінде пайдаланғанына он бес жыл болған кейбір көліктер де қатардан шығып қалмай,



жұмыс жоспарын ойдағыдай орындап, өз қызметтерін атқарып келеді. Соңғы екі жылда кейбір техникалар жанарып, соның арқасында жаңа көліктің тізігінің ұстаған жүргізушілер де бар.

Цехта қызметкерлердің өз деңгейінде, толыққанды жұмыс істеуі үшін барлық әлеуметтік жағдай жасалған. Ұжымдық шарттағы барлық келісімдер де өз деңгейінде орындалуда. Биыл жұмысшылардың киініп-шынығетін орындары жаңадан салынып, әкімшілік ғимараттардың іші жөндеуден өтті. Алдағы уақытта да жұмысшылардың алаңсыз жұмыс жасауы үшін қажетті жағдайлар жасала бермек.

Біздің тілегіміз – жұмысқа келген әр жұмысшының, жолда жүрген әрбір жүргізушінің таңертең «Жолың болсын!» деп шығарып салып, кешке үйінде тағатысыздана күтетін отбасымен аман қауышу. Сондықтан да №1 арнаулы көліктер цехы қызметкерлерінің күндіз-түні атқарған жұмыстарының жемісін көріп, аман-есен жүрулерін тілейміз. Өрқашанда сіздерге ақ жол, сәт сапар, әріптестер!

## ОСК-да ЖІГІТ БАР ӘСЕТ ДЕГЕН

«Oil Services Company» жауапкершілігі серіктестігінде Әсет деген жігіт бар. Әсет Нұрсәбеков 2013 жылдан бері «Oil Services Company» ЖШС-нің құрал құбыр цехында (ТИУ) төртінші дәрежелі тасқалышы болып жұмыс жасайды. Өз ісіне мығым, жұмысына тиянақты ол берілген тапсырманы уақытында орындап, ұжым арасында да өзін жақсы жағынан көрсетіп келеді. Құрал құбыр цехын көп жылдан бері басқарып келе жатқан білікті маман Жетібай Ақжігітов қол астындағы жұмысшыларының ауыр жұмысымен бірге өнерді де қатар алып жүргендерін мақтан тұтады.

Әсет – жаңадағы алты баланың ең кішісі. Жетібай кентінде туып-өскен, бала кезінен кикбоксинг, еркін күрес, бокс және басқа да спорт түрлерімен айналысып келе жатқан Әсет сәл қолы босай қалса, фитнес залға барады. Саламатты өмір салтын мығым ұстанатын ол спортпен бірге өнерді де қатар алып жүр. Жастайынан өнерге жаңы құмар Әсетті «туа біткен талант» десек, қателеспейміз. Ешқандай арнайы музыкалық білімі болмаса да, әртүрлі аспаптарда ойнап, ән салып, республикалық, облыстық деңгейде өткізіліп жатқан жарыстарда вокал номинациясы бойынша жүлделі орындарды иеленіп, барлық мерекелік шараларға қатысып келеді.

Биыл Жетібай кентінің мәдениет үйінде өткен «Жігіт сұлтаны» сайысына «Oil Services» компаниясынан атынан жарысқа түскен Әсет Нұрсәбеков бас жүлдені жеңіп алды. Ауданның түкпір-түкпірінен жиналған, кілең «сен тұр, мен атайын» дегендей сөзді қырлы, бір сырлы жігіттер өнердің әр түрін жарысқа түскен байрақты бөсекке Әсет барлық сайыстан мүдірмей өтті.



Сонымен қатар өнеріне көркі сай сымбатты мұнайшы жігіт жақында ғана Ақтау қаласында өткен «Қазақстан даусы» тележобасында да бағын сынап, алғашқы кезеңінен сүрінбей өтіп, Алматы қаласындағы үлкен сахнаға жоллама алды. Міне, біздің жігіттер осындай!

«Oil Services» компаниясы атынан Әсет Нұрсәбековке сәттілік тілеп, «Әрдайым Маңғыстаудың атын көкке көтеріп, биік шыңдардан көріне бер!» демекпіз. Ақ жол саған, Әсет!

## ҚАРЫЛҒАШ ТІЛЕК - ҚАЙЫРЫМДЫ КӨМЕК

«Oil Services Company» серіктестігі жұмысшылары Маңғыстау облыстық мамандандырылған жетім балалар үйіне барып, қайырымдылық парасын өткізді. Бұл пара кәсіпорындағы жас мамандар Кеңесінің «Жетім көрсен – жебей жүр!» атты бағдарламасы аясында ұйымдастырылды. «Oil Services» компаниясы орталық кенсе қызметкерлері және осы серіктестікке қарасты «Жетібай-Сервис» өндірістік басқармасының жұмысшылары өз еңбекқалыңдарынан қосқан қаражаттарына балаларға сыйлықтар апарып, оларды азғантай уақыт болса да отбасы жылуына бөлеп, ойнатып, билетіп, көңілдерін көтерді. Камқоніл балаларға қайырымдылық танытып, қуаныш пен мейірім жылуын ала келген серіктестік қызметкерлерін балалар үйінің меңгерушісі мен тәрбиешілері құшақ жая қарсы алып, алғыстарын білдіріп жатты.

Адам баласы үшін жарық дүниеге келгеннен кейін туған әкенің тәрбиесін алып, туған анымың мейіріне қанғанға не жетсін?! Онда қоғам мұндай мәселеге алаңдамас еді. Дегенмен, «баланың табынына кірген тікен менің маңдайыма қалалсын» дейтін қарға тамырлы қазақ елімізде қазіргі таңда тастанды қарақөздердің қатары азаяр емес.



«Жетім көрсен – жебей жүр!» дейді біздің қазақ. Сондықтан «Осындай қарлығаш қанатымен су сепкендей, сәлдей болса да қайырымдылық шаралары алдағы уақытта да азаймай, тұмай жатып тағдыр тәлкегіне ұшыраған жетім балалардың жүздеріне нұр, жүректеріне қуаныш сыйлай берсе екен» деген тілектеміз. Әрбір дүниеге келген бала – ұлтымыздың келешегі, еліміздің ертеңі. Ал болашағымыз жарқын болсын десек, дені сау ұрпақ пен толыққанды, бүтін отбасы болуы керек. «Ел болам десен – бесіңді түзе!» деген.

«Oil Services Company» ЖШС-нің жас мамандар Кеңесі

### «ОТК» ЖШС бірінші басшысының 2015 ж. 1-ші жарты жылдық қорытындысы бойынша еңбек ұжымы алдында есеп беру жиналысының кестесі

21.07.2015 ж. Жетібай технологиялық көлік басқармасы ұжымымен Жетібай кен орнында өткізіледі.

23.07.2015 ж. Бозашы технологиялық көлік басқармасының №1 ауысым ұжымымен Қаламқас кен орнында өткізіледі.

29.07.2015 ж. Маңғыстау технологиялық көлік басқармасы, Орталық жөндеу цехы және Әкімшілік басқармасы ұжымдарымен орталық кеңсенің мәжіліс залында өткізіледі.

04.08.2015 ж. Бозашы технологиялық көлік басқармасының №2 ауысым ұжымымен Қаламқас кен орнында өткізіледі.

## «Үздік маман»

### кәсіби шеберлік конкурсын ұйымдастыру және өткізу конкурсының шарттары мен тәртібі

#### 1. Жалпы қағидалар

1.1. Осы Қағида «Үздік маман» атағына лайықты жұмысшыларды анықтау және мадақтау тәртібін белгілейді.

1.2. «Үздік маман» атағын беру кәсіби шеберлік конкурсы (бұдан әрі - Конкурс) мына мақсаттарда өткізіледі:

- жұмысшылардың өнімді еңбегін анықтап, мадақтау (және еңбек стандартын белгілеу);
- жұмысшылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруіне қызығушылығын арттыру;
- еңбекке шығармашылық тұрғыдан қарауды дәртіптеу;
- озат тәжірибе мен өндіріс мәдениетін зерделеу және тарату.

Конкурс мұнайгаз өндіру саласының төмендегі негізгі кәсіптердегі жұмысшылары үшін өткізіледі:

- мұнай және газ өндіру жөніндегі оператор;
- слесарь-жөндеуші;
- электрғазбен дәнекерлеуші.

1.2. Конкурс «Манғыстаумұнайгаз» АҚ деңгейінде өткізіледі: мұнай және газ өндіру жөніндегі операторлар мен слесарь-жөндеушілер арасында «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының арнайы дайындалған қолданыстағы нысандарында, ал электрғазбен дәнекерлеушілер арасында өндірістік департаментінің орталық өндірістік қамту қызметінде өткізіледі.

#### 2. Конкурсты ұйымдастыру тәртібі

2.1. Мұнай және газ өндіру жөніндегі операторлар мен слесарь-жөндеушілер арасында Конкурс өткізу үшін «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ мен өндірістік департамент басшыларының өкімдері бойынша Конкурсты дайындау және өткізу комиссиясы құрылады (бұдан әрі - Комиссия). Комиссия әр кәсіп бойынша білікті жұмысшылар мен мамандар қатарынан жасақталады (комиссия құрамына міндетті түрде қауіпсіздік және еңбек қорғау қызметінің, қызметкерлерді бағалау, еңбек және еңбек ақы төлеу бөлімдерінің мамандары енгізіледі).

2.2. «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ мен «Жетібаймұнайгаз» ӨБ БТСС мұнай кәсіпшілігі жабдықтарына сервистік қызмет көрсету үлесінің жұмысшылары, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ арнайы дайындалған қолданыстағы нысандарында өткізілетін Конкурсқа қатысады.

2.3. Комиссия төменде көрсетілген қызметтерді атқарады:

- Конкурсқа қатысушылардың біліктілігі мен сан құрамын анықтайды;
- Конкурсты өткізу бағдарламасын жасақтайды, теориялық және практикалық тапсырмаларды әзірлейді;
- қажетті өкімші құжаттарды дайындауды және

шығаруды қамтамасыз етеді;

- өтетін Конкурс туралы ақпараттық материалдар жариялауды қамтамасыз етеді;
- бұқаралық-ақпарат құралдарында Конкурс туралы материалдар жариялауды ұйымдастырады;
- жайларды, жұмыс орындарын, жабдықтарды, құралдарды және басқа саймандарды дайындауды қамтамасыз етеді.

2.4. «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ мен орталық өндірістік қамту қызметінің арнайы дайындалған қолданыстағы нысандарында өтетін Конкурсқа қатысушыларды іріктеу төмендегіше өткізіледі:

2.5. Әрбір мұнай және газ өндіру, пайдаланыстағы жабдықтарды прокаттау-жөндеу цехтарынан, әрбір қызметтен конкурсқа қатысатын кандидаттар ұсынылып, жалпы жиналыстың шешімімен бекітіледі. Цех өкімшілігі мен кәсіподақ комитетінің бірлескен отырысында ұсынылған кандидатуралар талқыланып, әрбір цех пен қызметтен конкурсқа қатысатын үміткерлер тізімі жасақталады. Конкурсқа қатысушылардан қорытынды тізімі «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ және «Жетібаймұнайгаз» ӨБ өкімшіліктері мен кәсіподақ комитеттерінің бірлескен отырысында анықталады.

2.6. Конкурсқа қатысушы барлық үміткерлердің практикалық тапсырманы орындау барысында мынадай заттары мен құжаттары болуға тиіс:

- корпоративтік арнаулы киімдері;
- қауіпсіз еңбек жағдайының талаптарына сәйкес келетін жеке қорғаныс құралдары;
- еңбек қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулықтан өтуі туралы белгі соғылған куәлігі.

- Қолында куәлігі жоқ немесе білімін тексеру мерзімі бұзылған қызметкерлер Конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

- Конкурстың практикалық бөлімі оқу-жаттығу полигонында немесе арнайы дайындалған қолданыстағы нысанда өтеді.

- Конкурсқа қатысушылардың практикалық тапсырманы орындау барысында еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған ұтымды әдістерді қолдануы, Конкурсты қорытындылап, жеңімпаздарды анықтау кезінде ескерілетін болады.

- Конкурстан өту кезінде қауіпсіздік техникасы ережелерін өрескел бұзған қатысушыны қазылар алқасы жарыстан шығарып тастауға құқылы.

#### 3. Конкурсты қорытындылау тәртібі

- Конкурс «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ мен орталық өндірістік қамту қызметінің арнайы дайындалған қолданыстағы нысандарында 2015 жылдың 20 шілдесінен 10

тамызына дейін өткізіледі.

- конкурсantтардың практикалық тапсырманы орындауға шығу реттілігін жеребе анықтайтын болады.
- конкурстың қорытындысы конкурстық тапсырмаларда белгіленген көрсеткіштер бойынша шығарылады.
- конкурстың қазылар алқасы жарыс нәтижесін төмендегі өлшемдерді ұстана отырып, әр кәсіп бойынша жеке бағалайды:

- еңбек өнімділігі (атқарылатын жұмыстың көлемі мен оған жұмсалатын уақыты);
- атқарылатын жұмыстың сапасы;
- еңбектің ұтымды да қауіпсіз әдістері мен амалдарын қолдану;
- теориялық дайындықтың деңгейі;
- қауіпсіздік техникасының ережелерін білуі және сақтауы;
- еңбек мәдениеті (жұмыс орнының тапсырманы орындау барысындағы және оны аяқтағаннан кейінгі жағдайы).

- Ұпай саны бірдей болған кезде, басымдылық айып ұпайы аз болған қатысушыға беріледі.

- Конкурсты қорытындылау кезінде даулы сөттер пайда болған жағдайда, мәселені қазылар алқасының мүшелері даусы беру арқылы шешеді.
- Конкурстың қорытындысы бойынша Қоғам Басқармасының Конкурс жеңімпаздарын марапаттау туралы бұйрығы әзірленеді.

#### 4. Конкурс жеңімпаздарын моральдық және материалдық тұрғыдан мадақтау тәртібі

Конкурсқа қатысушыларға, яғни мұнай және газ өндіру жөніндегі оператор, слесарь-жөндеуші және электрғазбен дәнекерлеуші үшін Қоғам деңгейінде үш жүздеп орын белгіленіп, Қоғамның «Үздік маман» дипломы және төмендегі мөлшерде ақшалай сыйлықтары беріледі:

- бірінші орын алған жұмысшылардың әрқайсысына – 175 000 (бір жүз жетпіс бес мың) теңге;
- екінші орын алған жұмысшылардың әрқайсысына – 125 000 (бір жүз жиырма бес мың) теңге;
- үшінші орын алған жұмысшылардың әрқайсысына – 75 000 (жетпіс бес мың) теңге.

Конкурс жеңімпаздарына Қоғам деңгейінде ақшалай сыйақылар (сыйлықақылар), қазылар алқасының барлық мүшелері қол қойған Конкурстың қорытынды хаттамасының негізінде Қоғам бюджетінің тиісті бабына сәйкес Қоғам Басқармасының бұйрығы бойынша төленеді.

## Условия и порядок организации и проведения конкурса профессионального мастерства «Лучший по профессии»

#### 1. Общие положения

1.1. Настоящее Положение устанавливает порядок определения и поощрения рабочих, достойных звания «Лучший по профессии».

Конкурс профессионального мастерства на присвоение звания «Лучший по профессии» (далее Конкурс) проводится с целью:

- выявления и поощрения производительного труда рабочих (и установления стандартов труда);
- повышения заинтересованности рабочих в совершенствовании профессиональных навыков;
- воспитания творческого отношения к труду;
- изучения и распространения передового опыта и культуры производства.

Конкурс проводится для рабочих следующих основных профессий нефтегазодобывающей отрасли:

- оператор по добыче нефти и газа;
- слесарь-ремонтник;
- электрогазосварщик.

1.2. Конкурс проводится на уровне АО «Мангистаумұнайгаз» среди операторов по добыче нефти и газа, слесарей-ремонтников организуется и проводится на специально подготовленных действующих объектах ПУ «Қаламқасмұнайгаз», а среди электрогазосварщиков в Центральной службе производственного обслуживания Производственного департамента.

#### 2. Порядок организации Конкурса

2.1. Для подготовки и проведения Конкурса среди операторов по добыче нефти и газа, слесарей-ремонтников, электрогазосварщиков распоряжением руководства ПУ «Қаламқасмұнайгаз» и Производственного департамента создается комиссия по подготовке и проведению Конкурса (далее - Комиссия). Комиссия формируется из числа квалифицированных рабочих и специалистов по направлениям деятельности представителей (в состав комиссии обязательно включаются специалисты служб безопасности и охраны труда, отделов оценки персонала и труда и заработной платы).

2.2. Рабочие участка сервисного обслуживания нефтепромыслового оборудования БКНС ПУ «Қаламқасмұнайгаз» и «Жетібаймұнайгаз», принимают участие в Конкурсе, проводимом на специально подготовленном действующем объекте ПУ «Қаламқасмұнайгаз».

#### 2.3. Комиссия выполняет следующие функции:

- определяет численно-квалификационный состав участников Конкурса;

- разрабатывает программы проведения Конкурса, практические и теоретические задания;
- обеспечивает подготовку и издание необходимых распорядительных документов;
- обеспечивает издание информационных материалов о предстоящем Конкурсе;
- организует освещение Конкурса в средствах массовой информации;
- обеспечивает подготовку помещений, рабочих мест, оборудования, инструмента и т.д.

2.4. Для участия в Конкурсе на специально подготовленном действующем объектах ПУ «Қаламқасмұнайгаз» и Центральной службы производственного обслуживания отбор участников производится следующим образом:

2.5. Решением общего собрания цехов по добыче нефти и газа, прокатно-ремонтного цеха эксплуатационного оборудования и для участия в конкурсе выдвигаются кандидатуры от каждого цеха и службы. На совместном заседании администрации и профсоюзного комитета цеха предложенные кандидатуры обсуждаются, и формируется список претендентов для участия в конкурсе от каждого цеха и службы. Окончательный список участников конкурса определяется на совместном заседании администрации и профсоюзного комитета ПУ «Қаламқасмұнайгаз» и «Жетібаймұнайгаз».

2.6. Все участники Конкурса при выполнении практического задания должны иметь:

- корпоративную спецодежду;
- средства индивидуальной защиты, соответствующие требованиям безопасных условий труда;
- удостоверение с отметкой о прохождении проверки знаний инструкций по безопасности труда
- в случае отсутствия удостоверения или нарушения сроков проверки знаний работник не допускается к участию в Конкурсе.

- практическая часть конкурса проводится на учебном полигоне или специально подготовленном действующем объекте.

- применение участниками Конкурса в процессе выполнения практического задания рациональных приёмов, повышающих производительность и безопасность труда, учитывается при подведении итогов и определении победителей Конкурса.

- в момент прохождения Конкурса жюри имеет право отстранить конкурсанта от дальнейшего участия в случае грубого нарушения правил техники безопасности.

#### 3. Порядок подведения итогов Конкурса

- конкурс проводится с 20 июля до 10 августа 2015 г. на специально подготовленном объекте ПУ «Қаламқасмұнайгаз» и Центральной службы производственного обслуживания.

- очерёдность выполнения конкурсантами практического задания определяется жеребьёвкой.
- подведение итогов Конкурса производится по показателям, определённым конкурсными заданиями.
- Жюри Конкурса оценивает результаты по каждой профессии, придерживаясь следующих критериев:

- производительность труда (объём и время выполняемых работ);
- качество выполняемых работ;
- применение рациональных и безопасных приёмов и методов труда;
- уровень теоретической подготовки;
- знание и соблюдение правил техники безопасности;
- культура труда (состояние рабочего места в процессе и после выполнения задания).

- при равенстве очков предпочтение отдаётся участнику, набравшему наименьшее количество штрафных очков.

- спорные моменты при подведении итогов Конкурса решаются голосованием членов жюри.

- по результатам Конкурса готовится приказ Правления Общества о награждении победителей Конкурса.

#### 4. Порядок морального и материального поощрения победителей Конкурса

Для участников Конкурса на уровне Общества устанавливается: три призовых места для операторов по добыче нефти и газа, слесарей-ремонтников и электрогазосварщиков с вручением Диплома «Лучший по профессии» Общества и денежной премии в размере:

- работникам, занявшим первое место - 175 000 (сто семьдесят пять тысяч) тенге каждому;
- работникам, занявшим второе место - 125 000 (сто двадцать пять тысяч) тенге каждому;
- работникам, занявшим третье место - 75 000 (семьдесят пять тысяч) тенге каждому. Выплата денежных вознаграждений (премий) победителям Конкурса производится на уровне Общества по приказу Правления Общества из соответствующей статьи бюджета Общества на основании итоговых протоколов Конкурса, подписанных всеми членами жюри.

